

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

Логопедия

Логопедия дегеніміз – сөйлеу тілі кемістіктерін, оның бұзылу себептерін, болдырмау жолдарын, сонымен бірге осындай кемістіктерді әртүрлі жолдармен түзетіп жоюдың тәсілдерін зерттейтін ғылым.

Логопедия – логос (сөз және пайдео) тәрбиелеймін, үйренемін деген грек сөздерінің түбірінен алынған. Логопедия арнайы педагогиканың (дефектологияның) бір бөлігі болып есептеледі.

Логопедияның зерттеу объектісі – сөйлеу тілінің бұзылуынан зардап шеккен адам.

Қазіргі логопедия мектеп жасына дейінгі, мектептегі логопедия және жеткіншектермен ересектер логопедиясы деген бөлімдерден тұрады.




Логопедияның негізгі мақсаты сөйлеу тілі бұзылған адамды оқытуды, тәрбиелеуді және қайта тәрбиелеуді, сонымен бірге сөйлеу тілінің кемістіктерінен алдын-ала сақтандыру жолдарын ғылыми негізде жете зерттеу болып табылады.

Логопедия ғылымының анықтамасына сүйене отырып, мынандай міндеттерді белгілеуге болады:


- ❖ Әртүрлі тіл кемістіктеріндегі сөйлеу тілі қызметінің дамуын зерттеу.
- ❖ Сөйлеу тілі бұзылуының таралуын, оның симптоматикалық белгілерін анықтау.
- ❖ Сөйлеу тілі бұзылған баланың сөйлеу қабілетінің өздігінен белгілі бір бағытпен дамуын, сөйлеу кемістіктерінің адамның жеке басының қалыптасуына, психикасының дамуына тигізетін ықпалын анықтау.



- ❖ Әртүрлі ақаулары бар балалардың сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері мен кездесетін тіл кемістіктерін зерттеу.
 - ❖ Сөйлеу тілінің кемістіктерін анықтайтын, ажырататын педагогикалық тәсілдерді жетілдеру, дамыту.
 - ❖ Сөйлеу тілі бұзылуының себептерін, белгілерін, құрылымын, механизмдерін анықтау.
 - ❖ Сөйлеу тілі кемістіктерін жүйелеу.
 - ❖ Тіл кемістіктерінің ерекшеліктеріне байланысты қолданатын түзету әдістері мен амалдарын жетілдіру.
 - ❖ Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерін және түзету тәсілдерін анықтау.
 - ❖ Сөйлеу тілі кемістіктерінен алдын-ала сақтандыру тәсілдерін толық жетілдіру.
 - ❖ Логопедиялық жәрдемді ұйымдастыру мәселесін жете зерттеу.
- 

Сөйлеу тіл кемістіктерінің топтастырылуы

Сөйлеу тіл кемістіктерінің топтастырылуы



Клиникалық-
педагогикалық
топтастырылу

Педагогикалық-
психологиялық
топтастырылу

Клиникалық-педагогикалық топтастырылу

ауызша

жазбаша

Сөйлеу тілінің
сыртқы
(фонациялық)
өңдеуінің бұзылуы

Сөйлеу тілінің
ішкі
(семантикалық)
өңдеуінің бұзылуы

1. Дисграфия
(аграфия)
2. Дислексия
(алексия)

**Сөйлеу тілінің
сыртқы
(фонациялық)
өңдеуінің бұзылуы**

**I. Дыбыс айтудың
бұзылуы**

Дислалия
Ринолалия
Дизартрия

**II. Сөйлеу тілінің
ырғақтылығы мен
жылдамдылығының
бұзылуы**

Тұтықпа
Брадилалия
Тахилалия

**III. Дауыстың
бұзылуы**

Афония
Дисфония
Фонестения

Дыбыс айтудың бұзылуы

Ринолалия – сөйлеу мүшелерінің анатомиялық ауытқушылықтарының салдарынан дауыс әуезділігі (тембрі) және тіл дыбыстарының айтылуының бұзылуымен сипатталады. Дауыс тембрінде мұрындық ренк пайда болады.

Дизартрия – сөйлеу тілінің күрделі бұзылуы. Дизартрияда сөйлеу мүшелерінің иннервациясының жеткіліксіздігіне байланысты сөйлеу тіл дыбыстарының айтылуының және просодикасының бұзылуы байқалады.

Дислалия – есту қабілеті дұрыс және сөйлеу тілі аппаратының иннервациясы сақталған қалпында сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуының бұзылуы. Дислалия сөйлеу тілінің даму кезінде пайда болады.

**Сөйлеу тілінің
ішкі
(семантикалық)
өңдеуінің
бұзылуы**

алалия

бас ми қабығының сөйлеу тілі аймағындағы іштен немесе баланың жас кезіндегі болатын органикалық зақымданудың салдарынан сөйлеу тілінің жетілмей қалуы немесе барлық жүйесінің толық дамуынан болатын кемістік.

афазия

мидың өте тез зақамдануының зардабынан сөйлеу тілі құрамының барлық бөліктерінің жүйесі бұзылған жағдайы.

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы

дислексия

оқу процесінің
спецификалық
жартылай бұзылуы.


дисграфия

жазу процесінің
спецификалық
жартылай бұзылуы.

*Тіл кемістіктерінің
психологиялық-
педагогикалық
топтастыруы*

Қарым-қатынас
құралының бұзылуы

Қатынас құралының
қолдану кезінде
бұзылуы



Фонетикалық
бұзылыстар

Фонетикалық-
фонематикалық
жетіспеушілік

ЖСТД

Қарым-қатынас құралының
бұзылуы



*Қатынас құралының
қолдану кезінде
бұзылуы:*

Тұтықпа

Сөйлеу кемістігінің ішіндегі ауыр түрі. Ол баланың психологиясын жарақаттайды, дұрыс келе жатқан тәрбие процесін тоқтатады, сөйлеу қатынасына кедергі жасайды, айналасымен, әсіресе балалар арасындағы қарым-қатынасын қиындатады.

ЛОГОПЕДИЯНЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Медицина ғылымының ішіндегі логопедиямен тығыз байланыстылары: патофизиология, анатомия, физиология және есіту мен сөйлеу тілі мүшелерінің патологиясы, олигофрения клиникасы, психопатология, педиатрия. Бұл ғылымдар, сау баланың даму заңдылығын зерттеумен бірге, баланың дене бітімі мен психикалық дамуының мөлшерден ауытқуын да зерттейді.

Логопедия **лингвистика** ғылымымен және **психоллингвистикамен** тығыз байланысты. Бала тілінің жүйелі түрде даму заңдылықтарын білу логопедиялық қорытынды дұрыс анықтауға және оған сәйкес дәйекті логопедиялық ықпал жасау үшін қажет.

Логопедия **жалпы және арнайы психологиямен, психодиагностикамен** тығыз байланысты. Логопед баланың психикалық дамуының заңдылығын және әртүрлі жастағы баланы психолого-педагогикалық тәсілдермен тексеруді пайдалана білу қажет.

ЛОГОПЕДИЯ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Алғаш 17 ғасырда қолға алынғанымен сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды медицина және психология жолдармен зерттеп, тиісті емдеу шараларын қолданудың жолын табу әрекеттері 20 ғасырдың 30-жылдарына дейін созылды. Кемшіліктердің қайсыбірі сөйлеу жағынан (мәселен, тіл мүкістігінен) байқалса, екіншісі оқуы мен жазуының (дислексия, дисграфия) бұзылуынан да көрінеді. Фонетика, сондай-ақ, лексика-грамматика жүйені (алалия, афазия) қамтитын бұзылулар бар. Көбінде тілдің кемістіктері оның қарқыны мен созылмалығына (тұтықпа) қатысты болады. Тілдің кемістігін зерттеу мен жою білімнің басқа салаларының психология, тіл білімі, физиология, медицина деректерін ескере отырып жүргізіледі.

Қазақстандағы логопедиялық көмек көрсету жүйесі

Білім және
Ғылым
министрлігі

Халықты
әлеуметтік
қорғау
министрлігі

Денсаулық
сақтау
министрлігі



БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ:

- Мектепке дейінгі сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған білім беру ұйымдары;
- Мектепке дейінгі көруі, естуі, зияты, тірек-қимылы бұзылған балаларға арналған білім беру ұйымдары;
- Сөйлеу қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдардағы арнайы топтар;
- Оңалту орталықтары;
- Арнайы мектеп-интернаттары;
- Арнайы балалар үйі;
- Жалпы білім беру мектептеріндегі логопедиялық пункттер;
- Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері;
- Әлеуметтік бейімдеу еңбекпен оңалту орталықтары (ӘБЕО)

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰЙЫМДАР:

- Балалар емханаларындағы логопедиялық кабинеттер;
- Логопедиялық көмек ауруханалардың психоневрологиялық, неврологиялық, нейрохирургиялық, отоларингологиялық бөлімдері ;
- Сәбилер үйі.

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНЕ ҚАРАСТЫ ҰЙЫМДАР:

- ❖ Мүгедек балаларға арналған интернаттар.
- ❖ Психоневрологиялық интернаттар.
- ❖ Әлеуметтік орталықтар.

ҚАЗАҚСТАНДА ЛОГОПЕДИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН ҒАЛЫМДАР:

1. Өмірбекова Қ.Қ.

2. Грушевская М.С.

3. Луцкина Р.К.

4. Мовкебаева З.А.

5. Оразаева Г.С.

6. Тулебиева Г.Н.

7. Ибатова Г.Б.

8. Рахимова М.М., т.б.



ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ:

- Қазақ тіліне тән дыбыстардың бұзылу кемшіліктері және түзету тәсілдері (Өмірбекова Қ.Қ, Тулебиева Г.Н.)
- Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тіл ерекшеліктері (Ибатова Г.Б, Тулебиева Г.Н.)
- Сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыста ұлттық ойындарды пайдалану (Оразаева Г.С.)
- Мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дайындығының алғы шарттары (Мовкебаева З.А.), т.б.





*Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!*

